

Әлімбекова С.,
Ақынбаева А.

**Қазақстандағы ақпараттық
қоғамның қалыптасу
сатылары**

Мақалада Қазақстанның заманауи ақпараттық инфрақұрылымы мен ақпараттық қоғам дамуының ерекшеліктері аталады. Сонымен қатар, Қазақстанның 2015 жылы сандық ақпарат таратуға көшуіне байланысты индустриальдық-инновациялық дамуы туралы ақпарат беріледі. Автор хабар таратудың даму ерекшеліктеріне тоқтала келе, оның ақпараттық қоғамды дамытудағы ерекшеліктерін атап көрсетеді.

Түйін сөздер: ақпараттық қоғам, индустриальдық-инновациялық даму, сандық хабар тарату.

Alimbekova S.,
Akynbayeva A.

**The stages of development
of the information society in
Kazakhstan**

The article introduces the modern information infrastructure of Kazakhstan, which has moved to a new level in connection with the transition of the republic to the industrial and innovative development, the transition to digital broadcasting by 2015. The author reveals the specifics of the development of the broadcasting industry, which is the foundation for the development of the information society in the country.

Key words: information society, industrial and innovative development, digital broadcasting.

Алимбекова С.,
Ақынбаева А.

**Этапы развития
информационного общества
в Казахстане**

Статья знакомит с современной информационной инфраструктурой Казахстана, которая перешла на новый уровень в связи с переходом республики на индустриально-инновационное развитие, на цифровое вещание к 2015 году. Автор раскрывает специфику развития вещательной индустрии, которая является фундаментом развития информационного общества в стране.

Ключевые слова: информационное общество, индустриально-инновационное развитие, цифровое вещание.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АҚПАРАТТЫҚ ҚОҒАМНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ САТЫЛАРЫ

Ақпараттық қоғам термині адамзат «ақпарат тасқынын» алғаш сезінген кезде өткен ғасырдың алпысыншы жылдарында пайда болды. Кейіннен қоғамдағы ақпараттың көбеюі заңи ашылды. Айтқандай бұл заң экспоненциалды қызмет атқаратыны белгілі болып, «ақпарат тасқыны» жайында сөз қозғауға итермеледі. Адамның мұндай ақпарат ағынының астында қалуы анық еді. Сондықтан ақпаратты өңдеу, сақтау мен пайдаланудың арнайы құралдары қажет болды.

Туып келе жатқан бұл кезеңді адамзат тарихында ақпараттық қоғам ғана емес, сонымен қатар білім ғасыры, постиндустриалды қоғам, инфосфера деп те атап жүр. А.Тоффлер ғылыми айналымға үш революция енгізді, оның айтуынша адамзат аграрлық, индустриалды қоғамды артта қалдырып, ақпараттық революцияның табалдырығында тұр.

«Ақпараттық қоғам» терминінің өзі алғаш Жапонияда пайда болған. Ол Жапон Үкіметімен елдің экономикалық даму көрсеткіштерін айқындау мақсатында құрылған ғылыми, техникалық және экономикалық зерттеулер бойынша арнайы топтың баяндамасының негізін құраған. Аталған терминді ұсынған мамандар, оның айналымдағы жоғары сапалы ақпараттың молдығымен сипатталатынын, сонымен қатар, оның сақталуы, таралуы мен пайдалануына қажетті құралдары бар қоғамды сипаттайтынын айтқан. Ақпарат мүдделі адамдар мен ұйымдардың талабы бойынша жүйелі әрі тез таратылады және оларға үйреншікті пішінде беріледі. Ақпараттық қызметтерді пайдалану құнының арзандығы соншалықты, оған әркімнің қолы жетеді. Америкалық маман Ф.Махлуп алпысыншы жылдардың басында ақ, ақпарат белгілі бір өнеркәсіптік өнім ретінде қаралуы мүмкін және оны өндіру өнеркәсіп индустриясының бір түрі деген болатын. Кейіннен бұл жайында қоғамдағы басқару мен бөлу салаларын ұйымдастырудағы қағазсыз технология тұжырымдамасын ұсынған В.М. Глушков та жазады. Дегенмен, әсіресе жапондықтар ақпараттың өнеркәсіптік маңызы жайындағы идеяны белсенді насихаттаушылар болғаны анық. Әрі олар мұны әлемдік нарықтағы бәсекелестік майданында тамаша пайдалана білді. Ақпараттық қоғамға қажет техносфераны құруда оларсыз елестете алмайтын жапондық құралдар, жүйелер мен есептеуіш машиналары әлемдік нарықта басымдыққа ие болып отыр.

1980 жылдарға қарай, әлемнің барынша дамыған елдерінде ақпараттық бизнес пен ақпараттық қызмет саласы күрт өсті. Мысалы, бұл уақытта жұмысшылар мөлшері АҚШ-тың ауылшаруашылық саласында 3%, өнеркәсіпте 20%, қызмет көрсету саласында 30% болған, ал 48% ақпаратпен жұмыс істеу үшін құралдарды жасау және онымен тікелей жұмыс істеу саласында қызмет етті.

Ақпараттық қоғамға көшу әлеуметтік игіліктердегі қандай да бір өзгерістерді әкелмесі анық, онда тұрғындардың байлар мен кедейлерге, ақпараттандыру жемістерін әртүрлі деңгейде пайдалана алатындар болып бөлінері сөзсіз. Ақпараттық қызмет көрсету саласы да әрине сан түрлі болады, аса маңызды қызметтер түрлері бағасы бойынша қоғамдағы орта тап мүмкіндіктерінен жоғары болады. Ақпаратқа еркін қол жеткізудің теңдігі елдің ішінде ғана емес, мемлекетаралық деңгейде көрініс табатын болады (тіпті бүгінде де көрініс тауып отыр, мысалы, ғарыштан алынған ақпарат алмасуларда). Бүгінгі өзінде өнеркәсіп пен ауылшаруашылығының түрлі салалары, әлеуетті сатушылар мен сатып алушылар жайындағы үлкен банктерді құру және оған иелік ету тауарды бөлумен айналысатын көптеген биржалар, брокерлік кеңселер мен өзге ұйымдардың басты байлығын құрап отыр. Соңғы кезде тіпті ақпараттық соғыс жайында да жиі айтып жүр.

Ақпараттық қоғамның тағы бір ерекшелігі индустриалды қоғамда жоғалуға жақын қалған жеке еңбек салмағының артуы. Автоматтандырылған жұмыс орындары жүйесінің артуы көптеген мамандарға үйде отырып-ақ қоғамдық өндіріске атсалысуға мүмкіндік береді.

Ақпарат алмасудағы жылдамдықтың артуы білім мен ғылым саласына да көптеген өзгерістер әкеледі. Индустриалды қоғамда инженерлік ғылымдар, физика мен химия қандай рөл атқарса, ақпараттық қоғамда информатика маңызға ие болады [1].

Индустриалды өндірістің, әлеуметтік, экономикалық және саяси өмірдің күрделенуі, адамзат қызметінің барлық саласындағы процесстер динамикасының өзгеруі, біріншіден, білімге деген қажеттіліктің өсуіне, екіншіден, аталған қажеттіліктерді қанағаттандыратын жаңа құралдар мен әдіс тәсілдердің тууына әкелді.

Компьютерлік техниканың және ақпараттық технологияның қарқынды дамуы түрлі ақпаратты пайдалануға негізделген және «ақпараттық қоғам» деген атауға ие болған қоғам дамуына серпіліс берді.

Ақпараттық қоғам өміріндегі ақпарат

пен білім рөлінің артуымен, жалпы ішкі өнімдегі (ЖІӨ) ақпараттық байланыс, өнім мен қызметтердің өсуімен, адамдардың тиімді ақпараттық қарым қатынасын қамтамасыз ететін жаһандық ақпараттық кеңістіктің құрылуын, олардың дүниежүзілік ақпараттық ресурстарға қол жеткізуін және олардың ақпараттық өнімдер мен қызметтерге деген әлеуметтік және тұлғалық қажеттіліктерін қамтамасыз етумен сипатталатын заманауи өркениет дамуындағы кезең [2].

«Ақпараттық қоғамда» бейнелеп айтқанда, ақпарат құралдары өнеркәсіптің бір саласы іспетті. Себебі, қалың көпшіліктің идеологиялық «өңдеуден» өткізу үшін шығарылатын ақпараттық өнім негізінен өнеркәсіпке тән жолдармен дайындалады. Айталық бұл саланың да жартылай шикізаттар, тетіктер мен бөлшектер шығаратын өз фабрикалары бар: олардың қатарына ақпараттық және жарнамалық агенттіктер, түрлі хабарлар даярлайтын орындар, «жұртшылықпен байланыс» жүйесі жатады. Олар өз өнімдерімен: хабар ошар, жарнама, құлақтандыру және насихаттық мақала сияқты материалдармен газет, журналды, радио мен телевизияны, сол сияқты кез келген монополияны немесе мемлекеттік ұйымдарды қамтамасыз етеді.

«Ақпараттық қоғамда» адамзаттың ақпаратты қажетсінуі алғашқы орынға шығады [3].

Бүгінде бүкіл дүниежүзі біртұтас жалпы әлемдік кеңістік құрастыру үстінде. Ол, ең алдымен, қаражаттық және ақпараттық жаңа технологиялық негізде жүзеге асып жатыр. Қарапайым тоғышар жанды қобалжытар атауына қарамастан, жаһандану өзінің түпкілікті мәнінде интеграцияның ең биік сатысы болып анықталады. Қазіргі уақытта жаһандану процесі біздің өміріміздің әртүрлі салаларын қамтиды. Қаржылар, идеялар мен адамдар қазіргі уақытта ұтқырлық (мобильдік) танытып отыр. Әрине, бүкіләлемдік қаржылық және тауарлық нарық, ақпарат құралдары мен миграциялық лектер мәдени алмасулардың өте қарқынды өсуіне алып келді. Бұл құбылыс мемлекеттік институттар, әлеуметтік топтар мен әртүрлі елдер мен мәдениеттердің жеке тұлғалары арасындағы тікелей байланыстардың қарқынды артуы жағдайынан да көрінеді.

Осы жаңа байланыстар аясындағы жаңа әлемде көптеген дәстүрлі өмір сүру формалары мен ойлау әдіс-тәсілдері, мәдени институттар мән-маңызынан айырылды, тіпті, кейбіреулері жоғалу үстінде деп айтуға боларлықтай. Бірақ, сонымен бір мезгілде, жаһандану процесі мәдениеттің жаңа формалары мен өмір сүрудің де жаңа жолдарының қалыптасуына алып келді де қоғамға ақпараттық деген анықтама берді.

XXI ғасыр – ақпарат ғасыры болғандықтан адамзатқа компьютерлік сауаттылық қажет сонымен бірге жаңа технологияларды меңгерумен қатар мәдени коммуникацияны алдыңғы орынға қойған абзал.

Фриц Махлуптің тұжырымдамасына сүйенетін болсақ, Қазақстандағы ақпараттық қоғамды қалыптастыруға көп нәрселер кедергі келтіріп тұр. Оған мынадай мәселелерді жатқызуға болады:

Білім саласындағы реформалардың жүйесіз жүргізілуі (әр министр өз реформасын жасағысы келеді, бірақ аяғына дейін жетпейді), оқулықтардың сапасыздығы, жетіспеушілігі, оқу дәрісханаларының жаңа заманға сай жабдықталмауы, мектептерді компьютерлендіру, ғаламторға қосу мәселелері [5].

Кеңес заманынан қалыптасқан іргелі және қолданбалы ғылыммен қатар айналысып келе жатқан ҚР Ғылым Академиясының таратылып, қоғамдық бірлестік болып құрылуы, оның құрамындағы ғылыми-зерттеу институттарының қарын мен қалта қамы үшін қызмет істеуі, кейбір ғылыми жаңалықтардың өндіріске енуінің кешеуілдеуі, ғылым кандидаттығы мен доктор дәрежесін алып тастап, оның орнына батыстан келген ғылым магистрі, PhD дәрежесін енгізу мәселелері.

Газет-журналдар мен жаңадан шыққан кітаптардың шалғай ауылдарға жетпеуі (тәуелсіздік алғанға дейін газет-журналдарды алыс елді мекендерге жеткізумен айналысып келген «Қазпошта» қазір тек зейнетақы мен әлеуметтік жәрдемақыны жеткізумен айналысады), радио жиіліктердің қысқаруы (бұрын Алматы қаласында салынған әрбір тұрғын үйдің пәтерлеріне Қазақ радиосының желісі тартылатын, қазір бұл жәйт назардан тыс қалған), кейбір шалғай ауылдарға теледидардың жетпеуі (ауылдардың көбісі «Қазақстан», «Хабар», «Евразия» телеарналарын ғана көреді), әрбір ауылдарда театр, мәдениет үйлері, кинотеатрлар болғанымен әртістер, әншілер, күйшілер шалғай елді мекендерге бармайды [6].

Үкіметтік, жергілікті органдар, қаржы ұйымдары сияқты көптеген мекемелердің ақпараттық қызметтермен толық қамтылмауы. Мәселен, жаңа туған нәрестеге жәрдемақы алу үшін анасы қаншама есікті қағып, анықтама-қағаздар жинап, табанын тоздырады.

Ақпаратты тарату және ақпараттық технологиялардың дамуы қоғам тіршілігінің барлық саласына революциялық ықпалын тигізіп, адамдардың өмірін, мәдениетін мінез-құлық стереотипін, ойлау бейнесін түбегейлі өзгертетін ақпараттандыру үдерістердің бар екендігі жайында айтуға мүмкіндік береді.

Ақпараттық технологиялар саласында көзге түсер прогресс ғылыми басылымдарда «ақпараттық қоғам» терминінің пайда болуы. Кейбір ғалымдар «ақпараттық қоғам» терминін өндірістің басты өнімі білім деп түсінеді.

Қоғамға ақпараттық қоғам статусын беру критерийі ретінде адамзаттың жинаған білім саны саналады, бұндай көрсеткішті қолдану өзін ақтай алды. Кейбір мәліметтерге сүйенсек, біздің эрамыздың басынан бастап адамзатпен жиналған білімнің алғашқы рет екі еселенуі 1750 ж. болыпты, екіншісі – XX ғасырдың басы, үшіншісі – 1950 ж. 1950 жылдан бастап әрбір 10 жыл сайын жалпы білім саны екі еселеніп отырды, 1970 ж. – 5 жыл, 1991 ж. – жыл сайын [7].

Қоғамды ақпараттандыру және оның барлық салаларының міндеттері қатарына білімдендіру де кіреді. Өткен ғасырдың 90-жылдарынан бастап мемлекет тарапынан қоғамды ақпараттандырудың даму үдерісіне қажеттілік сезіле бастады. 1990 жылы «Қоғамды ақпараттандыру тұжырымдамасы» қабылданды, ал ақпараттандыру түсінігі ғылыми, қоғамдық-саяси теориясында кең қолданыла бастады. Компьютерлендіру түсінігін ығыстыра бастады.

Еліміздің 23 жылдық тәуелсіздігінде күрделі саяси-экономикалық өзгерістермен қатар, егемендік жылдары жаңа саяси ахуалға, ашық нарықтық қатынастарға әрі дүниежүзілік экономикалық интеграцияға қадам басқаны анық. Соның нәтижесінде сөз бостандығы, іс-қимыл еркіндігі сияқты демократиялық ұғымдар берік орнығып, оның заңды-құқықтық негіздері қаланды. БАҚ-тың іс-әрекетіне мемлекеттің араласуы барынша кеміп, олар дербестікке қол жеткізді, мұнымен қатар меншікті мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру саясаты жүзеге асырылды. Баспа ісіне монополия жойылып, жүздеген жаңа баспа кәсіпорындары дүниеге келді. Осы жағдайда жаңа ақпараттық технологияларға деген сұраныс күрт артып, өндіріске кең көлемде енгізілді. Дүниежүзілік интеграцияға ашылған жол озық технологиялар мен жабдықтардың нарығын қалыптастырды, сатуға деген ұмтылыс тұтынудан да асып түсіп, бағалардың төмендеуіне әрі шағын өндірістердің оны сатып алуға деген мүмкіншілігінің туындауына әкелді. Бұған компьютерлік технологияларда, байланыс саласында соңғы жылдары бел алған оңды үрдістерді, яғни олардың қоғамдық өмірде жан-жақты қолданысқа ие болғандығын қоссаңыз, ақпараттық технологиялардың жетекші мәнге ие болғандығына көз жеткізесіз. Сонымен қатар икемді де жетілдірілген компьютерлік бағдарламалар дү-

ниеге келді, мамандардың біліктілігі артты, қатары еселеп өсті. Осындай көптеген әлеуметтік, экономикалық факторлардың тоғысуы Қазақстанның ақпараттық қоғамын жаңа бір сапалық деңгейге көтерді.

Ақпараттық қоғам талаптарына жауап беретін БАҚ-тың заңды-құқықтық негіздерін жасап, осы мақсатта «Телевизия туралы», «Жарнама туралы», «Ақпарат алу туралы» және басқа да заңдардың қабылдануына, сөйтіп қоғамдық маңызды ұстанымдардың ведомстволық актілермен емес, заң нормаларымен реттелуін қамтамасыз ету қажет. Қоғамдық телеарна ашу туралы саяси шешім қабылданып, оның құқықтық негізі қаланса дейміз. Әлемнің бүгінгі келбетін коммуникация айқындайды. Ол қаншалықты жақсы дамып, өскелең сұраныстарды қанағаттандырса, арзан әрі сапалы болса, сол қоғам ашық деп есептеледі. Осы тұрғыдан алғанда, Қазақстанда ашық экономикалық саясат орнығып, меншік формаларының қатар өмір сүруіне жол ашылды, техника мен технологиялар нарығы қалыптасты. Бірақ, бүгінгі БАҚ күрделі жанды ағза болғандықтан, оның жеке зерттеуді қажет ететін қырлары көп.

Қазақстан өзінің аумағында стратегиялық маңызы зор Байқоңыр ғарыш айлағы орналасқандығын ұтымды пайдаланып, серікті байланысты дамытудың, жоғары технологиялық өндірісті игерудің, басқарудың, басқа мемлекеттерге қызмет көрсетудің, осы салада ұлттық кадрлар

даярлаудың кешенді бағдарламасын жасап, сол жүзеге асырылса.

Ақпараттық қауіпсіздікті нығайтудың шаралары қатарында ішкі нарықты сырттан келетін ақпараттық экспанциядан қорғау, жергілікті БАҚ-қа салық, кедендік және басқа да жеңілдіктер қарастырылса.

Жергілікті баспасөз, баспаханалардың материалдық-техникалық жағдайын жақсартудың кешенді бағдарламасын қабылдап, жүзеге асырса.

Ақпаратты өңдеу саласында жаңа мамандықтар ашу, оған ғылыми потенциалды жұмылдыру мемлекеттік гранттармен қамтылса.

Білім мен ғылым мемлекеттік телеарнасын құрып, оқу және танымдық, деректі бағдарламаларды кең насихаттау, өз бетінше білім алуға алғышарттар жасалса.

Полиграфия мен телерадиоиндустрияның ұлттық даму бағдарламасын жасау, инвестициялар тарту мен импортты ауыстырудың шаралары қарастырылса.

«Электронды үкімет» бағдарламасын жеделдетіп жүзеге асыру керек. «Қазақстан Республикасының ақпараттық қауіпсіздігі туралы» Заң немесе «Доктрина» қабылдау қажет. Қазақстанның ақпараттық қоғамы ұлттық мүдде тұрғысынан құрылмағандықтан біз соның зардабын тартып отырмыз. Ең арысы, біздің заңдардың барлығы орыс тілінде жазылып, қабылдануы еліміздің Ұлттық ақпараттық кеңістігінің дамуына кедергі келтіріп отыр.

Әдебиеттер

- 1 Қожабергенова Б. ҚазҰУ Хабаршысы
- 2 Омашев Н.О. Ақпарат әлемі. I том. – Алматы: Қазығұрт, 2006, 18-21 бб.
- 3 Құланбай Ә. Электронды үкімет барлық жағынан тиімді
- 4 ҚР Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. – 2007 ж.
- 5 Жеңісқызы А. Ақпараттық технологиялар паркін құру бойынша Үндістанмен хаттамаға қол қойылды. www.azattyq.org- 2006.04.07.
- 6 ҚазАқпарат. <http://kz.government.kz>
- 7 Смайыл Д.Б. Ақпараттық қоғам қалыптастырудың өзекті мәселелері. – Алматы: Экономика баспасы, 2008. – 162-178 бб.

References

- 1 Kozhabergenova B. KazUU Khabarshysy. Journalism seriyasy. 2007 №2 (23), 29-32 better.
- 2 Omashev NO Akparat alemi. The I is. Almaty – Qazyghurt 2006, 18-21 bb.
- 3 Qulanbay Ä. Elektrondy Ukimet barlyk zhafynan tiimdi. Egemen Kazakhstan – 2006 21 april.
- 4 QR Prezidentiniñ Kazakhstan halkyna Zholdauy. – 2007
- 5 Zheniskyzy A. Akparattyq tehnologiyalar parkie qru boyynsha Yndistanmen hattamafa kol qoyyldy. www.azattyq.org- 2006.04.07.
- 6 KazAkparat. [http // kz.government.kz](http://kz.government.kz)
- 7 Smayyl DB Akparattyq qogam qalyptastyrudyn özekti Maseleleri. Almaty: Economy baspasy 2008 162-178 bb.